## Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған паспортын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1422

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған паспорты бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 29 желтоқсандағы
N 1422 қаулысына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қоршаған
ортаны қорғау министрлігі
(бюджеттік бағдарламаның әкімгері)

### "Аумақтық органдар аппаратын материалдық-техникалық қамтамасыз ету" 201 республикалық бюджеттік бағдарламаның 2002 жылға арналған ТӨЛҚҰЖАТЫ

1. Құны: 204 172 000 (екі жүз төрт миллион жүз жетпіс екі мың) теңге.

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік-құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы N 321-II "Мемлекеттік сатып алу жөнінде" Заңының 1, 10-баптары, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетудің мемлекеттік сатып алудың жүргізу тәртібі туралы Нұсқауды бекіту туралы" 1998 жылғы 10 желтоқсандағы N 1268 қаулысы .

3. Республикалық бюджеттік бағдарламаның қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаржысы.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдарын материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны

қорғау министрлігі аумақтық органдарының материалдық-техникалық базасын жасақтау және бекіту; лабораториялық жабдықтармен және арнайы аспаптармен, техникалық бақылау құралдармен, қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың жағдайына бақылауды, көлік пен және байланыс құралдармен қамтамасыз ету; күрделі жөндеуді жүргізу және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдары аппаратының қызметкерлерінің біліктілігін байланыс құралдарын, лабораториялық жабдықтарды және арнайы техникалық құралдарды пайдалануды арттыру.

6. Бюджеттік бағдарламаның іске асыру жөніндегі шаралардың жоспары:

| N | Бағдарлама коды | Бағыныңқы бағдарлама коды | Бағдарлама атауы | Бағдарламаны (бағыныңқы бағдарламаны) іске асыру шаралары | Іске асыру мерзім. дері | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 201 | | Аумақтық органдар аппаратын материал. дық-техни. калық қам. тамасыз ету | Орта есеппен алу: - бақылауды қамтамасыз ететін техни. калық жабдық. тар; лабораториялық жабдықтар және аспаптар - 101 бірлік, оның ішінде жабдықтарда жұмыс істеуге үйрету; - тоңазытқышта - 33 бірлік; лабораториялық жиһаздың құрамы - 2 бірлік және басқа да | I-IV тоқсан | Қазақстан Республикасы. ның Қоршаған ортаны қорғау министрлігі |

лабораториялық жиһаздың - 13 бірлігі; қосымша құралдар;
- көлік, байла. ныс және бақылау құралдары: авто. машиналар - 52 бірлік; моторлы натарлар және қарда жүретін навигатор серіктесі - 1 бірлік; факс - 19 бірлік; радио. станциялар - 9 бірлік;
- көбейткіш техника, өзге де тауарлар және қызметтер: ксерокс - 22 бірлік; 74 компьютер, офис жиһазы - 13 бірлік; күрделі жөндеуді жүргізу.

-----------------------------------------------------------------

7. Бюджеттік бағдарламаны орындағанда күтілетін нәтижелер: материалдық-техникалық базаны жасақтау және бекіту Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің аумақтық органдары қызметін жетілдіруге ықпал етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК